жүгіріп жүреді. Менің қызыма балабақша көп нәрсе үйретті. Міне, осының арқасында өзінің ойын еркін жеткізуге, көпшіліктің алдында өзін-өзі дұрыс ұстауға, ұқыптылыққа, тазалыққа, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға, өз қатарымен достық қарым-қатынас жасауға дағдыланды. Дұрыс отырып-тұруды, жазу-сызуды, берілген сұраққа дұрыс жауап бере білуді, тіпті ертегі кейіпкелерінің рөлдерін сомдап, әртістік шеберлігін көрсетуді, би билеп, ән салуды үйренді.

Қорытындылай келе айтарым, балабақша – екінші үйіміз. Балаларымызды тәрбиелеп отырған тәрбиеші апайларына алғыс айтқым келеді. Жалпы балабақшада балаларға берілетін тәрбие мен таным өте жоғары деңгейде, көңілімнен шығады. Балабақшаға келетін балалар саны еселене түссе деген тілегім бар.

Ана алғысы!

Шилдебаева Ж.К.,
№ 16 «Балдәурен»
бөбектер бақшасы
Екібастұз қаласы

Тәрбиеші киелі – мамандық. Адам тәрбиелеу, оған ғылыми негіздерінен мәлімет беру, баланы өмір сүруге үйрету – өте қиын шаруа. Тәрбиеші мамандығының негізгі мақсаты: балаларға жақсы көңіл-күй сыйлай отырып, саналы тәрбие, сапалы білім беру.

Менің балам Павлодар облысы Екібастұз қаласының № 16 «Балдәурен» бөбектер бақшасына барады. Бөбектер бақшасы қаланың ортасында орналасқан. Баланың саналы тәрбие мен сапалы білім алуы үшін барлық жағдай жасалған. Балам бөбектер бақшасына әрдайым көтеріңкі көңіл-күймен барады. Тәрбиешісі Роза Бағатқызы Тұяқбаева балаларды әрқашан жылы қабақпен қарсы алады. Әр өткізген сабағы баланың ақыл-ой парасатын дамытады, «ашық есік» күндерін жиі өткізеді. Осы ретте кезекті ашық сабағы туралы айтқым келеді. Сабақ барысында қысқы орманға саяхатқа шынайы апарғандай балаларда әсер қалдырды. Қыс ханшайымы берген тапсырмаларды аса қызығушылықпен орындады. Балам орманды көрмесе де, шынайы барғандай әсер алды. Сонымен қатар біздің топ қаладағы балабақшалармен жиі араласып, қызықты жарыстар ұйымдастырылады.

Роза Бағатқызы бұл мамандықты таңдауының бір себебі – баланы жақсы көруі деп ойлаймын. Тәрбиеші мамандығының қызықты, шынайы оқу іс-әрекеті – бала мен тәрбиешенің арасындағы бірлескен ізденіс нәтижесі, тәрбиешінің шығармашылық жұмысының жемісі. Шығыс нақылында: «Егер бір жылынды ойласаң, дән сеп; он жылынды ойласаң, ағаш ек; бір ғасырынды ойласаң, жақсы адам тәрбиеле» делінген. Роза Бағатқызы жұмыс барысында Отанымызға лайықты ұрпақ өсіру, оның бойына адалдық, тазалық, қоғамның болашағына еңбек етуге деген құштарлық сияқты мінез-құлықты дарытуды өзінің міндеті деп санайды.



№ 16 "Балдәурен" балабақшасының тәрбиешісі Роза Тұяқбаева



Тәрбиеші мамандығына байқампаздық, зейін, ақыл-ой, ерік-жігер, шыдамдылық, ұстамдылық, шыншылдық, адалдық, карапайымдылық, мейірімділік, ізеттілік, ізденімпаздық тәрізді қасиеттер қажет деп ойлаймын. Бұл сияқты адамгершілік сапаларды берген тәрбиеші баланың әрі қарай дамуына әсерлі ықпал етіп, мінез-құлқында өшпес із қалдырады. Баламның мектепке даярлықпен баратынына нық сенімдімін. Роза Бағатқызының тәрбиеленушілері әрқашан алғырлығымен, өжеттігімен ерекшеленеді. Бала бағбаны болу – қызықты әрі қиын іс. Тәрбиеленушілердің сүйіспеншілікке толы көзқарастарынан кейін тәрбиешілер одан сайын шабыттана түседі.

ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ



ЛУЧШИЙ ОПЫТ



Алтыбаева Л. Қ.,
№65 «Балбұлақ»
бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі

АНАЛАР МЕРЕКЕСІ

Ертеден ата-бабаларымыз ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, бүгінгі бала – ертеңгі елдің келешегі деп, олардан үлкен үміт күткен. «Тәрбие тал бесіктен басталады» деп нәресте дүние есігін аша салысымен болашақ ұлттың тағдыры – жас ұрпақты тәрбиелеуге бар күш-жігерін салған. Ата-бабаларымыздың болашағымызды тәрбиелеуде бағыттап берген даңғыл жолын әрі қарай жалғастыру – қоғам, ата-ана, әлеуметтік орта, атап айтқанда әрбір азаматтың басты міндеті.

Ұлы ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби осыдан саң ғасыр бұрын-ақ: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі», – деп айтып кеткен, осы өнегелі сөзді қазіргі таңда әрбір қоғам мүшесі, ата-ана, ұстаз естерінде сақтаса екен. Оқу мен тәрбиені жеке-дара қарастыруға болмайды. Заман

талабына сай, жаңашыл балабақша тәрбиешісі аталған екі үрдісті қатарынан алып жүруі қажет. Бұл тәрбиешінің тапқырлығын, ізденімпаздығы мен шығармашылығын, шеберлігі мен іскерлігін талап етеді.

Бүгінде балабақша тәрбиешілеріне бала тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Елдің болашағы, тірегі, үміті – бүгінгі өскелең ұрпақ. Ұрпақ тәрбиелеу, қоғамның азаматтарын қалыптастыру – баршамызға ортақ міндет. «Келешек заманына лайық қылып шығару керек», – деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, біздің мақсатымыз – болашағымызды заман талабына сай тәрбиелеу. Балаларды тәрбиелеу, олардың бойына ізгі қасиеттерді қалыптастыру – тәуелсіз еліміздің ертеңіне, болашағының дамуына қажатті дүние екенін әрқайсымыз жүрегімізбен, санамызбен түсініп, білуіміз қажет.

Баланың тұлға болып қалыптасуында отбасының тәрбиесімен қатар балабақшаның рөлі зор. Тәрбие мен оқытудың

Айналайын Балбұлағым, Өтті сенде қызық шағым. Әріп танып, білім алып, Рахметімді жаудырамын.



іргетасы саналатын балабақшада тәрбиеленушінің жан-жақты дамып, жетілуіне жол ашылады.

№65 «Балбұлақ» бөбекжай-балабақшасында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай, №7 «Қарлығаш» ересектер тобында «Анам үшін әлемнің гүлдері» тақырыбында ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілік сценарий жазылып, дайындалды. Мәтіндерді үш тілде қарастырдық. Алдын-ала балаларға мәтіндер таратылып, үйретілді. Сахна киімдері тігіліп, дайындық жұмыстары жүргізілді. Ертеңгілікке ата-аналар, балабақша тәрбиешілері қатысты. Ертеңгілікті ұйымдастыруда 8 наурыз мейрамы туралы түсініктерін тереңдету арқылы Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру; балалардың ойлау, қабылдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту; грамматикалық тұрғыда жүйелі сөйлеуге, тілін жаттықтыру, әртістік қабілеттерін дамытуды мақсат еттік. Өлең-тақпақтарды жаттату, би қимылдарын үйрету әдістерін қолдану арқылы мерекелік көңілін көтеру, анаға деген сүйіспеншілікті күшейту, ардақты адамды сыйлау, қадірлеуге үйретуді көздедік. Музыка залы түрлі шар, гүлдер, суреттер, ертегі кейіпкерлерімен безендірілді, мұның бәрі балаларға керемет көңіл-күй, шабыт, еркіндік, қуаныш сыйлайды. Топ тәрбиеленушілері үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өлең-тақпақтар, әндер айтып, орындады.

Ертеңгілік саяхат түрінде өткізілді. Балалар ана үшін әлем гүлдерін іздеп, Америкаға барып, ковбойлармен танысып, раушан гүлін алады. Франция еліне барып, мода көрсетіліміне қатысып, түймедақ, ал Түркияда қалампыр жұмбақ гүлін биші қыздар сыйлайды. Тақпақ айтып, ән салып, би

билеп, көрініс сомдап, жер-шарын шарлап, космосқа ұшып барады. Ғаламшарлықтарды жердегі ең керемет мерекемен, атап айтқанда, аналар мейрамымен таныстырады. Бұл күні аналарға гүл сыйлап, денсаулық тілейтіндерін жеткізеді.

Ғаламшарлықтың да мейірімділік сезімі арта түседі де, балаларға аналарын жасартатын гүл сыйлайды. Осы гүлдердің барын балалар өз өнерлерін көрсетіп, талантымен, еңбектерімен қол жеткізеді.



Қорытындысында балалар жерге оралып:

**Біз әртүрлі ел кездік
Теңіз бен мұхит, жер көрдік.**

**Қандай ғажап болса-да
Туған елге тең келмесін шын білдік,
деп, өлеңдетіп, «Қазақ биін» билеп,
Қазақстан біліп ал,
Қызғалдақтың Отаны
Қызғалдақпен шықты ғой**

Біздің елдің атағы, – деп, қызғалдақ гүлін сыйлайды. Орыс тілінде «Мамочка» өлеңі айтылды. Ағылшын тілінде «I love you mummy» әні орындалды. Балалар үш тілде өз өнерлерін көрсетті. Қазақ, орыс және ағылшын ұлттық әндері мен билері орындалды. Әр елдің ұлттық әні, биімен танысты. Музыкалық сүйемелдеумен балалар өте жақсы орындап, аналарының көңілінен шықты.

Саяхат арқылы балалар географиялық жер атауларымен танысып, глобустан іздеп, тапты. Әр өзіндік елдің ерекшеліктерімен танысты. Гүлдердің атауларын біліп, қай жерде өсетіні туралы мағлұматтар алды. Ең маңыздысы балалар Ана мен Отан деген қос ұғымның қатар жүретіндігін түсінді. Ананы сүю – Отанды сүюмен бірдей екенін білді. Ананы қалай қадірлесен, Отанды да солай қастерлеу керек екенін балалық жүрегімен, санасымен қабылдай алды. Біздің де алдымызға қойған басты мақсатымыз осыны тәрбиеленушілерімізге жеткізу еді. Біздің тәрбиеші ретіндегі үлкен міндетіміз бен биік мақсатымыз – жас өркендерді өз Анасы мен Отанын сүйе білетін, құрметтейтін, қорғай алатын, өз тілін ұмытпайтын, өзге тілді білетін болашақ Тәуелсіз Еліміздің азаматтарын тәрбиелеу.





Убишева Э. Б.
«Балбөбек» шағын орталық тәрбиешісі
БҚО Казталов ауданы Жаңажол ауылы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ДАМУДА МНЕМОТЕХНИКА ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Мнемотехника технологиясы балалардың тілін дамыту үшін табысты тәсіл. Балалар тілінің дамуындағы негізгі кемшіліктерді жөндеу, қиындықтарды жеңу – мектепке дайындаудағы балабақша алдындағы басты мақсат.


Сөйлеу – күрделі процес, бастағы мидың бірнеше бөлігінің бірігіп жұмыс істеу нәтижесі.

Артикуляция мүшелері тек мидан келген бұйрықты орындайды. Балалардың тілін дамытуда келесі кедергілердің бары ешкімге де кұпия емес:

- Сөздік қорының аздығы;
- Сөйлемдегі сөз тіркестерін дұрыс таба алмауы;

- Дыбыстау кемшілігі;
- Берілген тақырыпқа сюжеттік немесе сипаттау әңгіме құра алмауы;
- Өз ойын дұрыс жеткізе алмауы, т.б.

Аталған проблемаларды жеңудің жаңаша жолы мнемотехника технологиясын қолдану. Бұл бүгінгі таңда тәрбие мен оқыту саласында кең қолданысқа ие болып жүр. Осы орайда оқып отырған адам ең алдымен «Мнемотехника деген не?» деп сұрауы мүмкін. Тоқтала кетейін, мнемоника термині грек тілінен аударғанда есте сақтау өнері деген мағына береді. Мнемотехника – ақпаратты қабылдау мен оны есте сақтаудың әдістемелік жүйесі. Мнемотехника немесе мнемоника – жатталуы керек ақпараттың орнын ойша реттеу, және ассоциация арқылы оларды бір-бірімен жалғау.





Ал мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы мнѐмотехника – балалардың қоршаған орта, табиғат туралы білімін кеңейтуге, әңгіме барысын тиімді есте сақтауға, әңгімені айтып беруге бағытталған тіл дамытудағы іс- әрекеттерінің жүйесі.

Мнѐмокесте қолданылған ұйымдастырылған оқу қызметтерінің нәтижесінде балалар әңгіме, ертегі, тақпақтарды оңай құрастырып алады. Өз тәжірибемде бұған көзім анық жетті әрі балаларға оңай тиеді. Сонымен қатар, сабақ қызықты өтеді, балалар белсенді қатысады, себебі олар өз нәтижесін көзімен көреді, жетістігіне қуанады.

Осы орайда сіздерге ұсынылған «Мнѐмотехника елінде» тақырыбында өткізілген оқу қызметіндегі тапсырмалар мен оқыту әдістері арқылы жоғарыдағы сөзімнің анығына өздеріңіз көз жеткізе аласыздар.

Осы кіріктірілген ұйымдастырылған оқу қызметінде мнѐмотехника әдісін қолдана отырып кесте арқылы сөйлем құрап, суреттерді пайдалану арқылы әңгіме құрастыруға және осы әдіс арқылы өлең жолдарын жаттауға үйрету, баланың есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу, көру қабілеттерін, саусақ моторикасын дамыту көзделді.

Осы әдісті қолдану арқылы жүргізілген

жұмыстар мен тапсырмаларды ұсынамын:

№1 тапсырма: Педагогтарға бірнеше үлгі төртбұрышты тақтайшалар беріледі.

-Әр тақтайшада үлгі бейнелер жапсырылған, алдымен бейнелермен танысу. Қолмен ұстау арқылы ең жұмсақ үлгіден бастап қатты үлгілерге дейін орналастырып шығу қажет.

-Әр қайсысының неге ұқсататындарын айтып көрсету. Мысалы: (мысық, кірпі, су, өсімдік, мейірімді, мұнды үлгілерді көрсету)

Жалпы сызба, кестелер – тақырыптарға байланысты үйренген жеке сөздермен сөйлем құрастыруға, сөйлемдермен әңгіме құрастыруға таптырмайтын қазына. Сызбаларға қарап, балалар әңгіме құрастыруды тез үйренеді.

-Әр тақтайша түрлі материалдардан дайындалған. Сондықтан қолмен ұстап саусақ пен сезу арқылы қайсысының неге ұқсайтынын айтып көрсетеміз. Және ең жұмсағынан, өте қатты үлгіге дейін орналастырамыз.

-Енді қай үлгі көпшікке ұқсайтынын айтайық?

-қайсысы кірпіге ұқсайды?

-қайсысы мысыққа ұқсайды?

-ең мейірімді үлгіні көрсетейік?

-ең мұнайып тұрғанын көрсетейік?

Осы үлгі заттарды пайдалана отырып, айтылған ертегі желісі бойынша




орн

1. Бір күні мысық болыпты (жұмсақ, үлгіні қою).
2. Мысық мамықтай жұмсақ (үлпілдек үлгіні қою).
3. Табандары да сондай нәзік (нәзік материалды қою).
4. Тырнақтары ұзын, өткір екен (тіс тазалағыш қойылған үлгіні қою).
5. Мысық жолмен жүріпті (жуан жіптен жасалған ирелең үлгіні қою).
6. Шөп үстімен жүріп келеді (шөпке ұқсас үлгіні қою).
7. Табандарын ластайды. Жылайды (қара, қатты материалдан жасалған үлгіні қою).

№2 тапсырма: Пиктограмма беріледі

Пиктограмма сөзі pictus – латыннан аударғанда бейнеленген, gramma – грек тілінен аударғанда жазба, жазу деген мағына береді. Кейбір кезде рәміздік бір сызбада толық сөйлемді суретте көрсетуге болады. Егер де біз кейбір сөздерге балалардың ерекше назарын аударатын болсақ (мысалы, іс-әрекетін білдіретін сөздер), оларды жеке сызбада көрсеткен жөн. Сол себепті мен бірнеше іс әрекет білдіретін суреттер ұсынамын.





-Алдарыңызда бірнеше бейнелер көрсетілген. Осы бейнелерді сипаттап сөйлем құраймыз.

1-сурет

- Қандай бейне?

Жауабы: көңілді.

- Тағы не көңілді болады?

Жауабы:

- Күн көңілді болады;
- Балалар көңілді болады;
- Адамдар көңілді болады.

Сөйлем құрау:

- Бүгін көңілді күн...
- Туған күн көңілді өтті, т.б.

2-сурет

- Қандай бейне?

- Күн

- Қандай күн?

- Жарқыраған

-Тағы не жарқырайды?

Жауабы: жарық, шам, майшам...

Сөйлем құрау:

- Таңертең күн жарқырап тұрды.
- Түнде жұлдыздар аспанда жарқырайды, т.б.

3-сурет

- Суреттегі қандай көрініс?

Жауабы: қар жауып тұр.

- Тағы не жауады?

- Жаңбыр, бұршақ.

Сөйлем құрау:

- Бүгін таңертең қар жауды.

4-сурет

- Суреттегі бейне қандай?

- Терезеде аяз өрнегі.

- Өрнек неден пайда болды?

-күннің аяздығынан.

-бұл қай мезгілде болады?


-қыс мезгілі

Сөйлем құрау:

- Терезеге аяз өрнек салды.

- Аяз өрнектері өте әдемі, т.б.

№3 тапсырма:



4



Бұлтапсырмада мен сіздерге математика сабағының мнемокестесімен таныстырамын.

- Ортада қандай сан тұр?

- Төрт саны.

- Ал жан-жағында қандай жануарлар мен аңдар бар?

- Аю, түлкі, қоян.

- Енді төрт санын пайдаланып жануарларды атап отырайық.

Мысалы:

- төрт аю – төрт қонжық

- төрт қоян – төрт қонжық, т.б.

- Енді төрт саны және жануарларға сөйлем құраймыз.

Мысалы:

- Біздің аулада төрт қоян бар;

- төрт ботақан жайылып жүр;

- төрт қозы қашып кетті, т.б.

№4 тапсырма:

Мнемокесте арқылы тақпақ жаттау:

1 сурет: Жазым келді жарқылдап,

2 сурет: Қазым келді қаңқылдап.

3 сурет: Гүлге қонды көбелек,

4 сурет: Қос қанаты қалтылдап.





ОБЪЕКТИВ

ТЕАТР ҚОЙЫЛЫМДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ

Самигуллина Б. Л.,
№49 «Ақ ниет»
бөбекжайының
әдіскер-инноваторы
БҚО Орал қаласы

Театр – ең алдымен өнер, бір жағынан таңғажайып, қарапайым, екінші жағынан өмірді ұғуға көмектесетін терең ойлы философия.

Режиссер – театрда жасырын сиқыршы әрі ойшыл адам. Ол көрерменге көрінбейді, қойылымда жиі болмайды, бірақ театрдағы бүкіл шығармашылық ұжым жұмысының жемісті болуы – режиссердің қолында. Егер ол жоқ болса, суретші актерді, ал актерлер бірін-бірі байқамайды, көрмейді. Режиссер өнерінің мәні – театр ұжымындағы шеберердің өнерін біріктіру. Өйткені режиссер – ұжымды шабыттандырушы, жекелеген актерлік өнерді біріктіріп, оған күш салып, жалпы көркем идеялық арнаға бағыттайды. Сонымен қатар қойылымға бірінғай мінез, сарын мен екпін береді. Режиссер тек қана шығармашылық ұжымды басқарып қана қоймайды, ол сол ұжымды сахналық өнердегі міндеттерді жалпылама түсінуге баулиды.

Актер сахнада өз қабілетінше кейіпкеріне мінез жасайды және ол режиссердің көмегінсіз

қойылымдағы сахналық бейнені аяқтай алмайды. Осы сәтте режиссер қол ұшын беріп, көмекке келеді. Ол бірнеше бейнеден туындаған көркем бір арнаға, симфониялық қойылымға бағыттайды. Режиссер қойылым қою барысында театрға байланысты барлық амал-әдістерді пайдаланады.

Атақты режиссер К.С. Станиславскийдің айтуы бойынша, режиссерлер ол тек пьесаны талдап, актерлерге қалай санау техникасын үйретіп қана қоймайды, ол декорацияның құрылуын да қадағалайды. Режиссер өмірді бақылап, өзінің кәсіби театрлық білімімен қатар максималды дәрежеде түрлі салада білімдар болуы қажет. К.С. Станиславскийдің серіктесі В.И. Немирович-Данченко режиссер қызметінің кең түрде түсіндірген. Ол «Режиссер – үш келбетті тірі организм» дейді.

1. Режиссер – түсіндіруші, қалай ойнауды көрсетуші, сондықтан оны режиссер-актер, режиссер-педагог деп атауға болады.

2. Режиссер – айна. Жекелеген актерлердің қасиеттерін бейнелеп көрсетуші.

3. Режиссер – ұйымдастырушы.



Көпшілігі тек үшіншісін ғана біледі, себебі ол қойылымда көрініп тұрады.

Демек, режиссер – түсіндіруші, режиссер – айна. Яғни ол актердің жан дүниесіне сіңіп кетеді. Себебі режиссер актер шығармашылығында жансыз, жоқ болып кетуі қажет. Дегенмен режиссер көрсетіп, ойнап берген рөлді дәл қайталап беру де шынайылыққа жақын болмайды.

Режиссер – айна, оның басты ерекшелігі: ол актердің жұмыс барысындағы жеке қабілетін байқау. Оған не жарасымды, не нәрсе оны ұсқынсыз етіп тұр, оның фантазиясы мен ықыласы қайда алып барарын қадағалау. Қателескен жерінде сөкпей, сыпайы ғана түсіндіруі керек. Осыдан актер өзін-өзі көруі қажет, айнадан көргендей.

Режиссер ұйымдастырушы ретінде өзінің көкжиегіндегі қойылымға

қатысты бүкіл элементтерді кіргізіп, бірінші орынға актер шеберлігін қолдана отырып оны айналадағы жағдайлармен байланыстырып, бір үйлесімді арнаға алып келеді. Осы айтылғанның барлығы ұжымның бір ауамен өмір сүріп, дүниетаным көзқарастары бірдей бір жерден шыққанда ғана көрерменді өз еңбектерімен сүйсіндіре алады.

Себебі режиссер өз қойылымының қай жанр екенін анықтап, мінез-құлықты, мазмұнды, атмосфераны сол жанрға сәйкестендіріп бейнелеу керек. Пьесада өмірде болып жатқан оқиғалардағы мінездер бояу, пішін, ырғақ, бейне арқылы жеткізіледі. Биік өмірлік мақсатсыз режиссер жазушы-драматургтің түпкі мақсатын түсініп, әрі қарай дамыту, қанық бояулармен толтыру қиынға соғады. Пьеса – ол жалпы өмірлік оқиғалар шынжырынан

үзіп алған бір ғана бөлігі, әдетте осы драматург тандап алған проблеманы шешуші. Сондықтан режиссер қойып отырған пьесадағы оқиғалар желісінің даму барысын анық көре білуі керек.

Осы сәттен бастап актер мен режиссердің шығармаларында тәуелсіздік, дербестік басталады. Дәл осы дербестік әрқайсысына өзінше ізденуіне, дүниетанымының тұтастығын, өмірге деген құштарлығын арттыруға көп көмегін береді.

Режиссер қойылымның көркемдік тұтастығының түпкі мақсаты мен өзекті әрекетін болжай отырып, әрбір жекелеген актерлар бейнесін бір басты әрекетке бағындырады. Барлық қатысушы кейіпкерлер қойылымның өзекті әрекетінің қозғаушы күшіне айналады. Түпкі мақсат пен өзекті әрекеті нақты, дәл, анық болуы шарт. Тұтас сахналық бейне – драматург пен актердің түпкі мақсаты. Ал түпкі мақсат – ақылмен ашылған мақсат. Сондықтан режиссер Вл.Немирович-Данченко әрқашан театр суреткерлеріне, ең бастысы, пьесаның негізгі «дәнін» табуды көп ескерткен. Пьесадағы негізгі дәнді тауып болған соң оны дайындық кезінде, әрбір сахнада, әрбір детальда, әрбір бейнеде іздеп отыру керектігін айтқан.

Дән – бұл спектакльдің темпераменті, түпкі мақсаты – осыған бағытталған мақсат, өзекті әрекет – бұл актердің өз мақсатына алып барар жолы. Режиссердің ойы нақты терең эмоционалды, ұғынықты болса, онда актер ойыны да әсерлі болады және мизансценаларда қанық болуға толық бейне туындайды. Ой – бұл көркемдік көру, ол режиссер мен актерді соңғы детальдарды жасап біткенше маза бермейді.

Халық ертегілеріндегі бірнеше кейіпкерлерді драматизациялық ойындармен әрекеттеуге және ойнау дағдыларын дамыту жағдайында ойнау тәжірбиесін толықтыру

мақсатында бөбекжайда көптеген жұмыстар жасалып жатыр. Мысалы: бірінші топ (жақсылықпен қарайтын, аяғына дейін тыңдайтын, қолдарын соғатын, әртістерге рахмет айтатын) «көрермен» позициясын меңгеруге үйренсе, екінші топ (мимикасын, қозғалысын, күшін, дауыс ырғағын, сөз ырғағы арқылы кейіпкерге ену) «әртіс» болуға бірінші қадамын жасауға үйренеді. Ал үшінші топ ойынның басқа қатысушыларымен қарым-қатынас жасай білуге, дауласпай, кезекпен тартымды рөлдер ойнауға дағдыланады. Ортаңғы топтағы балалар «өзі үшін» ойнайтын ойынан біртіндеп көрермендер үшін жасалған қойылымға ауысады. Бұл жастағы балалардың театрландырылған ойынға қызығушылықтары тереңдей түседі. Ортаңғы және ересектер тобының балалары сахналық өнерді үйреніп, сезіне бастағанда олардың тілі, ойлау деңгейі, өнерге құштарлығы артады. Қандай да сахналық қойылымның алдында балалармен бірнеше кіріспе жұмыс жүргізіледі.

1.Тәрбиешілер балаларға ертегі, әңгімелер оқыған кезде ертегідегі кейіпкерлердің мінез-құлқына, дауысының ырғағына, қимылдарына назар аударады.

2.Әр кейіпкердің киіміне көңіл бөлінеді. Қуыршақ театрында қуыршақтардың киімі өзгертіліп отырады.

3.Сұрақ-жауап арқылы кейіпкердің қимылын, іс-әрекетін байқап, бағаланады.

4.Қимыл мен сөз арасындағы байланысы қадағаланады.

Ересек тобындағы балалардың театрландырылған ойындары қиындай түседі. Балалардың тілін жаттықтыру үшін қазақ халқының асыл сөздерімен сусындата отырып, әрбір сахналық қойылымның алдында қазақ әндерін, қазақтың ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдерді,



мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды, санамақтар мен жұмбақтарды, түрлі ұлттық ойындарды, ән-күйлер мен билерді кіріктіріліп отырады. Мысалы, «Үйшік» ертегісінде әр кейіпкерлердің сахнаға шығуын «Қонақ келсе құт» деген мақалмен бастадық. Театрлық ойынға қатысушы ересек тобының балалары кейіпкерлердің мінезін, жүріс-тұрысын, әдеттерін айнытпай салып, көрермен иланатындай етіп ойнау үшін, талмай жаттығулар жасалады.

Сахналық өнерге баулыған балалар жаттаған сөзінің мағынасына сәйкес, кейіпкер сезімдеріне сәйкес тебірене мәнерлеп айта білуге үйренеді. Соның нәтижесінде олардың шығармашылық қабілеттері оянады. Бейнелеу, көркем әдебиет, тіл дамыту сабақтарын байланыстырып өткізгенде, әр іс-әрекеттің соңы әрқашан да ертегі сюжетімен байланысты қойылымдармен аяқталып отырды. Сонымен қатар, балалардың сөздік қоры толықтырылды, сөйтіп олардың белсенділігі артады, іс-әрекеттер мен сауық кештері еркін де қызықты түрде өтетін болады. Балалар өздерін еркін де бос ұстап, іс-әрекетке ынталана, құштарлана қатысып отырады. Осы

жұмыстарды өткізген кезеңнен кейін әрбір ұлттық халық ертегілерінен көріністер қоюға болады.

Балалар өзбеттерімен ойнағандербес іс-әрекетінде де театр ойындарының түрлерін жиірек қолданатын болады. Драмалық жанрға бейімделген ойындар өздігінен туындап, тәрбие жұмыстарының барысында ертегілер, сюжетті көріністер де жиі қолданылып, тіпті кейде ертегінің кейбір бөліктері өзгертіліп отырылады. Топ ішінде емін-еркін жүріп, өздеріне керекті ойын құралдарын өздері тандап алып отырады. Балалардың шығармашылығы тек рөлдерді орындаған кезде ғана емес, сонымен қатар қуыршақтар, декорациялар дайындағанда да көрінеді. Қуыршақтардың түр-түрін, шымылдықтар, декорация жасау кезіндегі ұжымдық жұмыстар балалардың ұйымшылдығы мен белсенділігін арттырды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіруде театр ойындар түрі тиімді нәтиже береді.

Білім мен тәрбие бастауын балалар мектепке дейінгі ұйымнан алады. Қазірде қоғамымыздың даму

бағытында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы мамандарына жан-жақты дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орыны бар, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін азаматты тәрбиелеу жауапкершілігі жүктеліп отыр. Бүлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуына театр ойынның алатын орны ерекше. Бүгінгі бөбекжайдағы проблемалық мәселе – балалардың кейбір дыбыстарды таза айта алмауы, толық сұрақ қойып, оған жауап бере алмауы, қысқа сөйлеуі. Оған себеп – смартфондар мен түрлі компьютер ойындарының бала санасын жаулап алуы. Достарымен бірге ойнап, диалогты қарым-қатынас жасаған бала үйде отырып телефонға үнілген балаға қарағанда тез дамиды. Өз ойын еркін жеткізе алады. Сол себепті мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр тақырыбы бойынша көптеген жұмыстар атқарып келемін. Театр әр балаға қуаныш, ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеумен қиялындамытады. Балаларды бір бірімен қарым-қатынас жасауға, қысылып-қымтырылмай сөйлеуге, өзін еркін сезінуге, достасуға, өз ойын бөлісуге көмектеседі. Бөбекжайда

ертегіні жақсы жаттап алған балаға режиссер ролін беремін. Ол бала осы ертегіге байланысты кейіпкерлерді мінез-құлқына байланысты өзі таңдайды. Дайындық барысында тәрбиеші тек бағыт береді. Ал режиссер ролін алған бала ертегіні өзі ұйымдастырады. Кейіпкерлердің іс-қимылын, дауыс ырғағын келтіруге көмектеседі. Осылай ұйымдастырған жұмыс түрі балаларды өз бетімен жұмыстануға, дербес қызмет атқара білуге, көшбасшы болуға тәрбиелейді.

Ертегілерді ауызша айтып, не кітаптап оқып бергеннен көрі, рөлге бөліп, сомдап ойнағанда балалардың есінде тез сақталады.

Қысқасы, жақсы қойылған спектакль ол режиссердің тынбай күндіз-түні ізденісінің арқасы. Режиссер драматургтен, актерлерден, суретшілерден өзінің біліктілігімен, ізденімпаздығымен, көрегендігімен әрқашан бір саты жоғары тұруы шарт. Ендеше режиссерлік өнерді театрда, концерттерде, көпшілік мерекелерде, той-думандарда ұйымдастырушысыз елестету мүмкін емес.



Илюшенко В.В.,
методист,
ясли-сад № 7 «Ботакан»
г. Экибастуз

АКТУАЛЬНОСТЬ ФИЗКУЛЬТУРНО-ОЗДОРОВИТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

Самое главное для детей; человека это - формирование у детей здоровье и конечно системы знаний о здоровье о нем мы должны и средствах его укрепления, знать, и заботиться, культурно-гигиенических начиная с младшего навыков, мотивации здорового возраста. образа жизни.

О здоровье говорят, о здоровье спорят, здоровья желают. С самого раннего детства мы должны научить детей разумно относиться к своему здоровью.

Путь к здоровью – это правильное питание, систематическая двигательная активность, отсутствие стрессовых ситуаций и ещё многое другое. Но самое главное то, что здоровье зависит прежде всего, от нас самих. В ДО необходим системный и продуманный подход к организации физкультурно-оздоровительной работы с детьми и перед педагогическим коллективом и родителями должны стоять следующие задачи:

- охрана и укрепление здоровья

Для реализации данных задач нужно создавать условия для охраны жизни и укрепления здоровья детей. Это, прежде всего:

- уголки физической культуры, где располагаются различные физические пособия, в том числе нетрадиционное оборудование для профилактики различных заболеваний;

- физкультурный зал для физкультурных занятий с разнообразным оборудованием, тренажерами.

Все это повышает интерес малышей к физкультуре, увеличивает эффективность занятий, позволяет детям упражняться во всех видах основных движений в помещении.



Для воспитания и развития здорового ребёнка в детском саду используются разнообразные формы:

- утренняя гимнастика;
- физкультурные занятия;
- занятия по валеологии, физкультурно-оздоровительные досуги;

- оздоровительный массаж;
- проблемно-игровые тренинги и игротерапии;
- коммуникативные игры и т.д.

Все формы проводятся разнообразно, в процесс внедряются здоровьесберегающие технологии:

- ритмопластика;
- психогимнастика;
- динамические паузы и физминутки;

- подвижные игры и элементы спортивных игр;

- бодрящая гимнастика;
- гимнастика для глаз;
- «Хатха-йога»;
- пальчиковая гимнастика;
- упражнения на релаксацию и др.

На территории дошкольной организации должна быть спортивная площадка с «полосами препятствий», гимнастическими стенками, а также необходимым физическим оборудованием, которые должны быть и на участках групп.

В целях оздоровительной и

лечебно-профилактической работы с детьми нужно разработать систему профилактической и коррекционной работы, комплекс оздоровительных мероприятий по возрастным группам, приемы закаливания.

Чтобы обеспечить воспитание здорового ребёнка, работа строится по нескольким направлениям:

- создание условий для физического развития и снижения заболеваемости детей;

- повышение педагогического мастерства и деловой квалификации воспитателей детского сада;

- комплексное решение физкультурно-оздоровительных задач совместными усилиями детского сада и семьи.

Таким образом, можно сделать вывод, что в дошкольной организации педагогический коллектив должен работать в творческом поисковом режиме по проблеме оздоровления детей, создавать необходимые для этого условия, в комплексе проводить оздоровительные мероприятия, широко использовать здоровьесберегающие технологии в работе с детьми. Созданная педагогическим коллективом модель оздоровления является эффективным способом

сохранения и укрепления здоровья



Щелканова О.Л.,
воспитатель,
ясли-сада №7 «Ботакан»,
г. Экибастуз

ВЛИЯНИЕ ТЕАТРАЛЬНО-ИГРОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Театрализованная игра — одно из ярких эмоциональных средств, формирующих художественный вкус детей. Они позволяют решать многие задачи программы детского сада: от ознакомления с общественными явлениями, развития речи, формирования элементарных математических представлений до физического совершенствования. Разнообразие тематики, средств изображения, эмоциональность театрализованных игр дают возможность использовать их в целях всестороннего воспитания личности.

Основные задачи:

- Поэтапное освоение детьми различных видов творчества по возрастным группам.
- Последовательное знакомство детей всех возрастных групп с различными видами театра (кукольный, драматический)

Совершенствование артистических навыков детей в плане переживания и воплощения образа.

- Моделирование навыков социального поведения в заданных условиях.

Большое значение для речевого развития детей имеют театрализованные игры. В театрализованной игре осуществляется эмоциональное развитие: дети знакомятся с чувствами, настроениями героев, осваивают способы их внешнего выражения, осознают причины того или иного настроения. Игра является средством самовыражения и самореализации ребенка.

Театрализованные игры представляют собой разыгрывание в лицах литературных произведений (сказки, рассказы, специально написанные инсценировки). Герои литературных произведений становятся



действующими лицами, а их приключения, события жизни, измененные детской фантазией, сюжетом игры. Особенность театрализованных игр состоит в том, что они имеют готовый сюжет, а значит, деятельность ребенка во многом предопределена текстом произведения.

Игра наиболее доступный ребенку и интересный для него способ переработки и умение представлять героя произведения, его переживания, конкретную обстановку, в которой развиваются события. Для исполнения роли ребенок должен владеть разнообразными изобразительными средствами (мимикой, телодвижениями, жестами, выразительной по лексике и интонации речью и т.п.). Следовательно, подготовленность к театрализованной игре можно определить как такой уровень общекультурного развития, на основе которого облегчается понимание художественного произведения, возникает

эмоциональный отклик на него, происходит овладение художественными средствами передачи образа.

Образовательная работа имеет большое значение для развития личности ребенка дошкольника, в ней упражняются отдельные психические процессы, которые поднимаются на более высокую степень развития благодаря тому, что в игре развивается личность ребенка, его сознание. Ребенок осознает себя, учится действовать, подчиняя свои действия определенному образцу, правилу поведения, учится жить, проживая жизни своих героев, любя или не любя их, анализируя и пытаясь вникнуть в суть и причины их поступков и участь на их ошибках, выражении впечатлений, знаний и эмоций.

Участвуя в театрализованных играх, дети отвечают на вопросы кукол, выполняют их просьбы, дают советы, входят в образ, перевоплощаются в него, живут



его жизнью. Поэтому, наряду со словесным творчеством драматизация или театральная постановка, представляет самый частый и распространенный вид детского творчества. Дети сами сочиняют, импровизируют роли, инсценируют какой-нибудь готовый литературный материал. Умело поставленные воспитателем вопросы при подготовке к игре побуждают детей думать, анализировать довольно сложные ситуации, делать выводы и обобщения. Это способствует совершенствованию умственного развития и тесно связанному с ним совершенствованию речи.

В процессе работы новая роль, особенно диалог персонажей, ставит ребенка перед необходимостью четко, понятно изъясняться. У него улучшается диалогическая речь, ее грамматический строй, пополняется словарь. Увиденное и пережитое в самостоятельных театральных представлениях расширяет кругозор детей, вызывает потребность рассказывать о спектакле своим друзьям и родителям. Все это, несомненно, способствует развитию речи, умению вести диалог и передавать свои впечатления в монологической форме.

Известный писатель Джанни Родари утверждал, что «именно

в игре ребенок свободно владеет речью, говорит то, что думает, а не то, что надо. Не поучать и обучать, а играть с ним, фантазировать, сочинять, придумывать — вот, что необходимо ребенку. Развитие речи теснейшим образом связано с формированием мышления и воображения ребенка. Постепенно складывающееся умение составлять простейшие, но интересные по смысловой нагрузке и содержанию рассказы, грамматически и фонетически правильно строить фразы, композиционно оформлять их содержание способствуют овладению монологической речью, что имеет первостепенное значение для полноценной подготовки ребенка к школьному обучению. Также в дошкольном возрасте постоянно увеличивается словарный запас ребенка, но его качественное преобразование целиком опосредовано участием взрослых.

Таким образом, можно сделать вывод, что театрализованные игры дают возможность использовать их как сильное, но ненавязчивое педагогическое средство развития речи, ведь ребенок чувствует себя во время игры раскованно и свободно.

Участвуя в театрализованной деятельности, дети знакомятся с окружающим миром через

образы, краски, звуки, а умело поставленные вопросы заставляют ребят думать, анализировать, делать выводы и обобщения. С умственным развитием тесно связано и совершенствование речи. В процессе театрализованной игры незаметно активизируется словарь ребенка, совершенствуется звуковая культура его речи, ее интонационный строй. Исполняемая роль, произносимые реплики ставят малыша перед необходимостью ясно, четко, понятно изъясняться. У него улучшается диалогическая речь, ее грамматический строй.

Такие игры также позволяют формировать опыт социальных навыков поведения благодаря тому, что литературное произведение или сказка для детей дошкольного возраста всегда имеют нравственную направленность. Любимые герои становятся образцами для подражания и отождествления. Именно способность ребенка к такой идентификации с любимым образом оказывает позитивное влияние на формирование качеств личности.

Кроме того, театрализованная деятельность позволяет ребенку решать многие проблемные ситуации опосредованно от

лица какого-либо персонажа. Это помогает преодолевать робость, неуверенность в себе, застенчивость.

В своей работе педагоги используют театрализованную деятельность, в основном, для развития творческого потенциала детей и чаще всего как инсценировку к празднику, а в повседневной жизни — достаточно бессистемно, по своему усмотрению, для того, чтобы сделать жизнь детей в группе увлекательнее, разнообразнее. Тем не менее, этот вид деятельности таит в себе большие возможности для решения целого ряда задач из разных образовательных направлений, связанных с речевым, социальным, эстетическим, познавательным развитием ребенка, которые в той или иной мере решаются сегодня в процессе организованного обучения.

Театрализованная игра оказывает влияние на развитие связной речи у детей старшего дошкольного возраста в том случае, если будет вызывать интерес и желание включиться в игру, а также будет учитывать возрастные и индивидуальные особенности детей.



Аты жөні:
Сақтапберген Айару
Азаматқызы

Туған жері:
Маңғыстау облысы Қарақия
ауданы Құрық ауылы
Жұлдызы: Сары шаян

Хобби: Ән айту, би билеу

Мінезі: Ашық, мейірімді, ақ
көңіл, тәртіпті.

Білім ұясы: Маңғыстау облысы
Қарақия ауданы Станция
Ералы
МКҚК «Нұршуақ»
балабақшасы

Жетістігі: Алматы қаласында
өткен «Жастар жаққан
жұлдыз» атты балалар мен
жасөспірімдер арасындағы
Республикалық көркем сөз,
ән-би, күй байқауының
лауреаты, «Эстрадалық
вокал» номинациясы
бойынша III дәрежелі
диплом иегері.



Аты жөні:
Дәулетбай Ақбота
Елдарқызы

Туған жері
Алматы облысы
Панфилов
ауданы Үшарал
ауылы

Жұлдызы: Таразы

Хоббиі: би билеу

Мінезі:
ашық ақкөңіл, сөзі
мен ойы бір жерден
шығатын ерке қыз.

Білім ұясы:
Алматы облысы
Панфилов ауданы
Үшарал ауылының
«Айгөлек» балабақшасы

Жетістігі:
Республикалық «Дала
сазы» байқауының
«Хореография»
номинациясы
бойынша бас жүлде
иегері. Алматы
қаласында өткен
Республикалық
«Тәуелсіздік –
тұғырым» байқауынан
I орынды иеленіп,
Францияға жолдаманы
жеңіп алған.

«Тәуелсіздік – тұғыр»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ





Жайлауда
Қарағанды қаласы
«Толағай» балабақшасының
ортаңғы тобы